

2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № А-11/168 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қарашада № 8179 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) және 9) тармақшаларына, 27-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес, 2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, 2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

3. Осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес, 2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары F-C. Мұхамеддиге жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданы әкімі

Б.Жанбаев

Қорғалжын ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 26 қарашадағы
№ А-11/168 қаулысына
1 қосымша

2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"Қорғалжын ауданы Қорғалжын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	6,7

Қорғалжын ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 26 қарашадағы
№ А-11/168 қаулысына
2 қосымша

2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Қорғалжын ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығына "Өрлеу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	26	3,8

Қорғалжын ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 26 қарашадағы
№ А-11/168 қаулысына
3 қосымша

2021 жылға арналған Қорғалжын ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)

1	"Куралай-МК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	30	3,3
---	---	----	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК